

**Жедел жәрдем көрсету  
станциясының  
диспетчерлік ұйымдастыру  
жұмысы**

Алиева А.

# Жедел медициналық көмек анықтамасы. Оның мақсаттары

Жедел медициналық көмек ( ЖМК)  
- азаматтарға шұғыл медициналық  
араласуды талап ететін жай-күй кезінде  
көрсетіледі және аумағына,  
ведомстволық бағыныстылығына және  
жеке меншік нысанына қарамастан  
медицина қызметкерлері жүзеге  
асырады.

- Жедел жәрдемнің негізгі қызметі мен мақсатына жататындар:
- 1) емдік профилактикалық мекемеден тыс жерде ауырып қалған немесе зардап шеккендерге тәулік бойы алғашқы медициналық көмек көрсету;
- 2) шұғыл стационарлық көмекке мұқтаж науқастарды дер кезінде тасымалдау;
- 3) көмек сұраған науқастар мен зардап шегушілерге көмек көрсету.

## Жедел және кезек күттірмейтін көмекті шақыру ережелері

- 1)жіті ауырсыну жағдайы; дене қызуының ; 38 Цельсий градустан жоғарылауы; жай-күйінің айқын бұзылуы бар артериялық қысымның жоғарылауы;бірнеше рет қайталанып іштің өтуі; қозғалысы шектелген омыртқаның және аяқ буындарының қатты ауырсынулары; бастың айналуы, қатты жүрек айнуы, құсу;
- 2) пациенттің өз бетінше емханаға баруына мүмкіндік бермейтін созылмалы ауырсыну жағдайлары асқынуы (онкологиялық аурулардың ауыр ағымы, (I - II топтағы) мүгедектік, сал болу, аяқ-қолдың парезі);
- 3) айналасындағыларға қауіп төндіретін жіті инфекциялық аурулар;
- 4) тасымалдауға болмайтын пациент; және уланулар т,б

- Осы Стандартта мынадай терминдер мен түсініктер пайдаланылады:
  - жедел медициналық көмек бригадасы – емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде науқастар мен емдеуге зардап шеккендерге тікелей ЖМК көрсететін жедел медициналық көмек станциясының (кіші станциясының, бөлімшесінің) құрылымдық-функционалды бірлігі;
    - диспетчер - жедел медициналық көмек көрсету бойынша азаматтардың өтініштері туралы ақпаратты беру және оны қабылдау, өңдеу функцияларын жүзеге асыратын («емдеу ісі» мамандығы бойынша дипломы және «жедел медициналық көмек» мамандығы бойынша сертификаттары бар орта медициналық білімі бар маман) медициналық ұйымның қызметкері;
  - жедел медициналық көмек ұйымы - апат болған жерде, сонымен қатар барар жолда ересек және балалар халқына өмірінің жай-күйіне қауіп туындайтын (пациенттер мен (немесе) оның айналасындағыларға), жазатайым оқиғалар, жіті ауыр аурулар жағдайында тәулік бойы жедел медициналық көмек көрсететін медициналық ұйым;
  - жедел медициналық көмек бөлімшесі - апат болған жерде, сонымен қатар барар жолда оның негізгі қызметі шұғыл медициналық көмек көрсету болып табылатын аудандық (қалалық) ауруханалардың (емханалардың) құрылымдық бөлімшесі;

Жедел медициналық көмек көрсету шарттары және тәртібі

. Ауылдық елді мекендерде ЖМК аудандық бөлімшелерінің диспетчері жедел медициналық көмекті шақырту қызметін көрсету үшін жақын жердегі мамандар және санитариялық автокөлік тартылады.

. ЖМК станциясын бас дәрігер басқарады. Бас дәрігер денсаулық сақтау ұйымдарында емдеу және ұйымдастырушылық жұмыста практикалық тәжірибесі бар, Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 791 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік [сипаттарына](#) сәйкес «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру» («Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті») мамандығы бойынша бірінші/жоғары біліктілік санаты бар білікті дәрігерлер ішінен тағайындалады.

. ЖМК станция құрамында ЖМК кіші станциялары қалалар мен аудандарда жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша қалалық және аудандық орталықтарда құрылады.

. Кіші станция қызмет көрсететін аумақтар ЖМК станциясы бас дәрігерінің ұсынымы бойынша денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен бекітіледі.

. Кіші станциялардың қызмет көрсету аймақтарын айқындау кезінде халықтың саны, тығыздығы және жас құрамы, құрылысының ерекшелігі, ауданның өнеркәсіптік кәсіпорындарымен, ірі ауылшаруашылық кешендерімен толықтырылуы, көлік магистральдерінің болуы және оның жай-күйі, қозғалыс қарқындылығы және ауданның басқа да ерекшеліктері ескеріледі.

. Қағидаларға сәйкес ЖМК кіші станцияларын орналасуы және қызмет көрсету аймағы ЖМК бригадалары үшін 15 минутта көлікпен жетуді ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

. Қажет болған жағдайда (мәдени-бұқаралық іс-шаралар, мерекелік парадтарды және демонстрацияларды өткізу, қалалық автокөлік қозғалысының «қарбалас» уақыты және т.б.) халыққа уақтылы қызмет көрсету үшін ЖМКБ кезекшілігі ұйымдастырылады. ЖМК бригадаларына медициналық ұйымдардан алыс орналасқан тұрғын үй кешендеріне және елді мекендердің жарақаттануға ең жиі қаупі бар учаскелерде патруль ұйымдастыруға рұқсат етіледі.

. Бекітілген аудан патруль режимінде кезекшілік атқарудан басқа денсаулық сақтау басқармаларымен және аудандық әкімдіктермен келісім бойынша ЖМК кезекші бригадалары ауданның медициналық ұйымдарында және әкімшілік мекемелерде орналаса алады.

. Жедел медициналық көмек және санитариялық автокөлік дәрігерлеріне арналған сөмке осы Стандартқа «Фельдшерлік бригадаларға арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» [1-қосымшаға](#). Жедел медициналық көмек және санитариялық автокөлік дәрігерлеріне арналған сөмке осы Стандартқа «Фельдшерлік бригадаларға арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» 1-қосымшаға, «Желілік (мамандандырылған) бригадаларға арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» [2-қосымшаға](#), «Реанимациялық (кардиореанимациялық) бригадаларға және қарқынды терапия (реанимобиль бригадаларына арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» [3-қосымшаға](#) жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» 3-қосымшаға, «ыЖедел медициналық көмек және санитариялық авиация бригадаларын жасақтау үшін қажетті дәрілік заттардың ең төмен тізбесі» [6-қосымшаға](#) жедел медициналық көмек автомобилін жарақтандырудың ең төмен тізбесі» 3-қосымшаға, «ыЖедел медициналық көмек және санитариялық авиация бригадаларын жасақтау үшін қажетті дәрілік заттардың ең төмен тізбесі» 6-қосымшаға, «Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация ұйымдарын жарақтандыруға арналған медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық

- ЖМК станцияларында шұғыл медициналық көмек көрсетуді ЖМК (желілік (дәрігерлік, фельдшерлік), мамандандырылған) шығу бригадасы – штаттық нормативтерге сәйкес ұйымдастырылған ЖМК станциясының функционалдық бірліктерімен жүзеге асырады. Бұл ретте, ЖМК станция құрамындағы дәрігерлік және фельдшерлік бригадалардың ара қатынасы 60/40 құрайды.
  - . ЖМК бригадасының шығу регламенті шақыруды алған сәттен бастап ЖМК бригадасына қызмет көрсету үшін бергенге дейін Қағидаларға сәйкес шақырулардың жеделділігі санатының тізбесінде айқындалады.
  - . ЖМК ұйымдарының шақыруды қабылдау және беру жөніндегі диспетчер: жедел медициналық көмекті көрсетуді талап ететін жағдайлар туралы ақпаратты қабылдауды;
    - АБЖ бойынша қабылдау және беру алгоритмдеріне сәйкес ЖМК бригадаларын шақыруға себепті құруды жүзеге асырады;
    - қажет болған жағдайда аға дәрігермен шақырудың шұғылдығына қарай санатына сәйкес бірінші кезекті шақыруларды айқындайды;
    - қажет болған жағдайда диспетчер жүгінгендерге консультация беру үшін ЖМК ұйымдардың/бөлімшелердің кезекші аға дәрігерлерін шақырады (телефон бойынша немесе ұйымға тікелей барған кезде).
  - ЖМК бригадаларымен шақыруларды орындауды жедел бақылауды жүзеге асырады.
    - . Стационар жағдайында шұғыл емдік-диагностикалық іс-шараларды талап ететін пациенттерді жеткізу кезінде ЖМК станциясының кезекші аға дәрігері: пациентті жеткізетін стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесімен байланысты ұйымдастырады;
    - қалалық, облыстық, республикалық деңгейде стационарлық көмекті көрсететін тікелей қабылдайтын медициналық ұйымға жеткізілетін пациенттің жай-күйі туралы ақпаратты жеткізеді.



- ЖМК бригадасы кезекшілік кезеңінде ЖМК станциясының (бөлімшесінің) кезекші аға дәрігеріне бағынады.

. Тексерудің, аспаптармен диагностикалауды, маманның консультациясының (қажет болғанда) мәліметтерінің қорытындысы, аталған жағдайдың себептерін көрсететін алдын ала қойылған диагнозға сәйкес емдеу іс-шаралары кезінде немесе содан кейін пациент жағдайының динамикасы бойынша ЖМК көшпелі бригадасының дәрігері (немесе фельдшері) мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

пациент шақырылған жерінде қалдырылды;

пациент орнында (тұрғылықты жері бойынша) қалдырылды, ауру жағдайы және учаскелік дәрігердің белсенді бару қажеттілігі туралы хабарлама амбулаториялық-емханалық ұйымға жіберіледі;

пациент тұрғылықты жері бойынша қалдырылды, ауру жағдайы және пациентке белсенді бару қажеттігі туралы хабарлама сол күні жедел медициналық көмек ұйымына, бөлімшесінің диспетчеріне беріледі;

пациентті осы Стандартқа «Шұғыл медициналық көмек көрсетуді талап ететін пациенттерді стационарға жеткізу үшін айғақтардың тізбесі» [4-қосымшаға](#) сәйкес келетін жағдайларға байланысты ЖМК бригадасы қызметкерлерінің еріп жүруімен шұғыл көмектің тез стационарына жеткізу талап етіледі.

. ЖМК бригадасы ол келгенше стандартқа сәйкес (диагностика және емдеу хаттамаларына; клиникалық нұсқаулармен және хаттамаларға, алгоритмдерге) медициналық көмектің көлемін көрсете отырып, ЖМК мамандандырылған бригадасын шақырады (қызмет көрсету ауданында олар болған жағдайда).

- . ЖМК бригадасы пациентті шұғыл көмек бейінді стационарының қабылдау-диагностикалық бөлімшесіне жеткізеді.
  - . Реанимациялық бейіндегі пациенттерді шұғыл көмек стационарына жеткізу тікелей анестезиология және реанимациясына (қарқынды терапия блогына (палатасына) жүзеге асырылады.
  - . Пациентті, оның жағдайы туралы ақпаратты, ілеспе құжаттарды жедел медициналық көмек бригадасының дәрігері (фельдшер) стационар бөлімшесінің кезекші дәрігеріне беру [«шақыру картасында»](#) белгілей отырып келіп түскен уақыты, қабылдағанның тегі және қолы қойылып тікелей медициналық ұйымның аумағында береді.
  - . Аса қажет болған жағдайда (өмірге қауіп төндіретін жағдай, мамандандырылған бригаданы шақыру мүмкіндігінің болмауы, көмекті толық көлемде көрсетудің стандартын орындау үшін күш пен қаражаттың болмауы) пациентті жақын орналасқан бейінді стационарға апаруға рұқсат етіледі. Бұл ретте, ЖМК станциясы ауысымының аға дәрігеріне хабардар етеді.
  - . Өміріне қауіп төндіретін аурумен ауыратын пациентті, немесе кәмелет жасына толмаған тұлғаны шұғыл стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына тасымалдау кезінде ЖМК санитариялық автокөлігінде оны туыстарының (бір адамнан көп емес) еріп жүруіне рұқсат беріледі.
  - . ЖМК бригадасының қызметкерлерінің өміріне және денсаулығына қауіп төнген кезде, ЖМК автомобильдерінің жабдықтарын бұзу және бүлдіру қаупінде пациентті емдеуге жатқызуды қоса алғанда шақыруға қызмет көрсету, міндетті түрде ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

- . Пациент немесе оның заңды өкілі емдеуге жатқызудан бас тартқан кезде ЖМК бригадасы пациентті және оның заңды өкілін алдын ала қойылған диагнозы туралы, оның қабылдаған шешімінің болуы мүмкін қолайсыз салдары туралы түсінікті түрде хабардар етуге және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қазандағы № 907 [бұйрығымен](#) бекітілген (бұдан әрі – бастапқы медициналық құжаттама) (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6697 болып енгізілді) денсаулық сақтау ұйымының бастапқы медициналық құжаттамасының 110/е нысанына сәйкес ЖМК шақыру картасында пациенттің және оның заңды өкілінің жеке қолы қойылған емдеуге жатқызудан бас тартқанын құжаттамалық растауға міндетті.

. Өміріне қауіп төніп тұрған жағдайдағы пациент бейінді стационарға апарудан (жеделділіктің 1-3 санатын қоспағанда) бас тартқан кезде ол өзі, не оның заңды өкілі қол қойған емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуын алғаннан кейін жедел медициналық көмек бригадасы мамандандырылған бейінді бригаданы (олар болған кезде) шақырады, пациентке өздері белсенді баруды жүзеге асырады немесе тұрғылықты жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымның учаскелік қызметіне белсенді шақыруды береді.

. Емделуге жатқызуға айғақтар болмағанда немесе пациент емделуге жатудан бас тартқан жағдайда учаскелік дәрігерге бастапқы медициналық құжаттамамен бекітілген нысан бойынша [дабыл парағы](#) әзірленеді.

. Жедел медициналық көмек бригадасы ұйымның / жедел медициналық көмек бөлімшесінің диспетчеріне шақырудың орындалуының қорытындысы және оның нәтижесі туралы іле-шала хабарлайды.

. ЖМК [Қағидалармен](#) регламенттелген жағдайда көрсетілмейді.

- Шұғыл қызмет көрсетуді талап етпейтін жағдайларда ЖМК станциясы ауысымның аға дәрігері пациентке медициналық көмек алу үшін медициналық ұйымның координаттарын (мекенжайы, телефон) береді.
  - . ЖМК станциясы тәулік бойғы режимде халық өзі өтініш білдірген кезде немесе станцияның (бөлімшенің) медицина персоналын медициналық көмек көрсеткен пациенттердің немесе жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккен адамдар орналасқан жері туралы телефон бойынша ауызша ақпарат береді.
  - . ЖМК станциясы Қағидаларда көрсетілген медициналық қорытынды мен құжаттаманы ұсынбайды.
  - . Санитариялық автокөлікті медициналық емес мақсатта пайдалануға жол берілмейді.
  - . ЖМК станциясында (бөлімшесінде) немесе кіші станциясында көмек көрсету және көрсетілген көмектің белгіленген стандарттарға сәйкестігін бақылауды жедел медициналық көмектің ең тәжірибелі және білікті дәрігерлерінен тағайындалатын дайын маман жүзеге асырады.

## Жедел және кезек күттірмейтін көмекті шақыру ережелері.

- жіті ауырсыну жағдайы; дене қызуының ; 38 Цельсий градустан жоғарылауы; жай-күйінің айқын бұзылуы бар артериялық қысымның жоғарылауы; бірнеше рет қайталанып іштің өтуі; қозғалысы шектелген омыртқаның және аяқ буындарының қатты ауырсынулары; бастың айналуы, қатты жүрек айнуы, құсу;
- 2) пациенттің өз бетінше емханаға баруына мүмкіндік бермейтін созылмалы ауырсыну жағдайлары (онкологиялық аурулардың ауыр ағымы, (I - II топтағы) мүгедектік, сал болу, аяқ-қолдың парезі);
- 3) айналасындағыларға қауіп төндіретін жіті инфекциялық аурулар;
- 4) тасымалдауға болмайтын пациент; және т,б